**Өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету бойынша, және өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген, олар бойынша қосылған құн салығын төлеу есепке алу әдісімен жүргізілетін тауарларды мақсатты пайдалану туралы міндеттеменің нысанын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 20 қаңтардағы N 23 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 27 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 4051. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 627 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.29 N 627 Бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН :**

1. Өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету бойынша, және өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген, олар бойынша қосылған құн салығын төлеу есепке алу әдісімен жүргізілетін тауарларды мақсатты пайдалану туралы міндеттеменің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген міндеттеменің бір данасымен алушы/импорттаушыдан міндеттеме алынған айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей қосылған құн салығын төлеуші - сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды тіркеу орны бойынша салық органдарын қамтамасыз етсін.

3. Нормативтік құқықтық кесімдердің тізілімі Мемлекеттік тізбесінде N 1697 болып тіркелген,»"Есеп әдісімен импорт тауарлар бойынша төлеуге тиісті қосылған құн салығы сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету бойынша міндеттемелер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 2 карашадағы N 1495 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Әдістеме басқармасы (Ж.С.Есмағанбетова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының Бірінші орынбасары Н.Д.Үсеноваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы министрлігі*
*Салық комитетінің*

*Төраға*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Кедендік бақылау
комитетінің Төрағасы қаржы
Вице-министрі

2006 жылғы 20 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2006 жылғы 20 қаңтардағы N 23
бұйрығымен бекітілген

Кедендік бақылау (кеден)
департаментінің бастығына

___________________________

**Өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету бойынша, және өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген, олар бойынша қосылған құн салығын төлеу есепке алу әдісімен жүргізілетін тауарларды мақсатты пайдалану туралы МІНДЕТТЕМЕНІҢ НЫСАНЫ**

**1-бөлім. Жалпы ақпарат**

Алушы/импорттаушы_______________________________________________

__________________________________________________________________

__________________________________________________________________

__________________________________________________________________

_________________________________________________________________(
заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні)

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі|_||_||_||_||_||_||_||_||_||_||_||_|

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік сериясы |_||_||_||_||_||_|

N |_||_||_||_||_||_||_|

____________________________________________________________

(қала, аудан, облыс)

бойынша салық комитетімен 20___ж.»_____»__________ берілді

____________________________________________________________

**2-бөлім. Өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету**

20______ж»"______"_____________ N__________________________________

ЖКД-ға сәйкес есепке алу әдісімен бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығының _________________________ (___________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

__________________________________________________) теңге сомасын,

(сомасы жазбаша)

____________________________________________________________

(салық кезеңі)

үшін қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсетуге міндеттенеді. ____________________________________________________________

**3-бөлім. Өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін әкелінген, олар бойынша қосылған құн салығын төлеу есепке алу әдісімен жүргізілетін тауарларды мақсатты пайдалану**

Тауарлар ретінде мыналар әкелінді:

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

_________________________________________________________________

(тауарлардың атауы)

Осыған орай көрсетілген тауарларды олардың мақсатты бағытына сәйкес өзіндік өндірістік мұқтаждықтар үшін пайдалануға міндеттенемін. Көрсетілген тауарлар өзге де мақсаттарда пайдаланылған жағдайда Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамаларына сәйкес кедендік ресімдеу кезінде ________________ теңге мөлшерінде төленбеген салықтарды және оларға есептелген өсімақыны төлеуге міндеттенемін.

Басшы__________________________________________/________________/
(басшысының аты-жөні немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні) (қолы)

_________________________________________________________________
(Жеке куәліктің нөмірі, кіммен берілген және берілген күні)

Міндеттеме қабылданды 20_____ ж.»_________» _______________

Инспектор______________________/____________/
(аты-жөні) қолы
Күні 20___ж."___"_______

Кеден органы М.О.

Ескерту: міндеттеме импортталатын тауарларды ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органына үш данада тапсырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК